«Бекітемін»
№ 51 мектеп директоры:
_________ Г.Ж.Дарибаева

# Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмысының есебі

Scanned with CamScanner

## Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты мен міндеттері

### Әлеуметтік педагогтың мақсаты:

Әр балаға қолайлы жағдай тудыру, әр түрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балаларымен жұмыс жасау, әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес мәселені шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмытсарын ұйымдастыру.

### Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері мен бағыттары:

- ✓ Мектепте, отбасында, өмір мүру ортасында,жастар мен балалар қоғамдарында және ұйымдарында баланың тұлғалану үдерісінің дамуына тікелей әсер ету;
- ✓ Балалың құқықтары мен қызығушылықтарын,түрлі инстанцияларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарда қатыстыра отырып қорғайды;
- ✓ Аз қамтылған ,жағдайы төмен, жетім ,жартылай жетім және көп балалы отбасы балалрының тізімін жасау,оқулықпен қамтамасыз ету және олардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу;
- ✓ Жалпыға бірдей білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;
- ✓ Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен «Мектепке жол» акциясын басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;
- ✓ Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалр мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізеді.
- ✓ Мінез-құлқында ауытқу байқалатын балалар мен жастарды дер кезінде анықтау,асоциалдық мінез-құлықтың алдын-алу жұмыстарын (қылмыстық,құқық бұзушылықтың,маскүнемдіктің,таксикоманияның,наркоманияның және т.б. алдын алу);
- ✓ Денсаулығы бойынша гіркеуде тұратын оқушылармен жұмыс жүргізу.Үйден оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйде оқитын оқушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру;
- ✓ Мектеп жанындағы жазғы демалыс орталықтарына,жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау;

Scanned with CamScanner